

1-ТАҚЫРЫП. Сыртқыэкономикалық фактор ролін арттыру – әлемдік экономика дамуының басты бағыты Дәріс жоспары (2сағат)

2сабақ

- 1.Қазақстанның сыртқыэкономикалық байланыстарының даму факторлары.
- 2.Бүкіләлемдік сауда ұйымы және Қазақстан.



1. Қазақстанның сыртқы экономикалық байланыстарын дамыту факторлары

Қазақстан экономикасын
дамыту стратегиясының
маңызды құраушысы
ретінде оның ашықтығы
қабылданып, мемлекет
ашықтықты кеңейту
саясатын енгізуі керек.





Ашықтық елге сыртқы нарыққа шоғырланып, күресуге мүмкіндік беріп, өз орнын тауып, сол арқылы табысты экономикалық даму үшін жол табуға мүмкіндік береді. Тек осы жағдайда ғана қазақстандық экономика әлемдік экономикалық жүйенің ажырамас бөлігіне айналады.



Қазақстанда тиімді ашық нарықтық экономиканы құрудағы басты стратегиялық мәселелердің бірі оның әрі қарай ырықтандырылуы болуға тиіс: шаруашылық қатынастардың, экономикалық процестердің ырықтандырылуы, либералды экономикалық саясатты жүзеге асыру.



Экономиканы ырықтандыру (либерализация) – бұл экономикалық хаос, абсолютті еркіндік емес, ол шаруашылық етудің еркін тәртібі, елде қабылданған заңдар арқылы демократиялық жолмен экономикалық іс-әрекетті жүзеге асыру.

- **Еуразиялық экономикалық одақ, ЕЭО** — Қазақстан, Ресей, Беларусь мемлекет басшылары арасында 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған келісім негізінде құрылған экономикалық одақ. (Армения, Қырғыстан).




- **Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация** (ағылш. Global — әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) — жаңа жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі.



- Мемлекеттің халықаралық саудаға араласуының ауқымына қатысты сыртқы сауда саясатының келесі түрлері (типтері) ажыратылады:
 - **1. Ырықтандыру немесе сауда еркіндігі** — бұл сұраныс пен ұсыныстың еркін нарықтық күші кезінде дамидын, сыртқы саудаға мемлекеттің аздаған мөлшерде араласу саясаты.

- **2. Протекционизм** — бұл сауда саясатының тарифтік және тарифсіз құралдарын пайдалану жолымен ішкі нарықты шетелдік бәсекеден қорғаудың мемлекеттік саясаты.

- **2.Бүкіләлемдік сауда ұйымы және Қазақстан.**



- **Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ)** — халықаралық сауда ережелерін еркіндік қағидаларына қарай реттейтін халықаралық экономикалық ұйым. (1995 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс істей бастады).



- **ДСҰ-ға кіретін елдердің үлесі әлемдік тауар айналымының 96% құрайды.**



- Қазақстан Республикасының ДСҰ-ға кіруі (SWOT-анализ).

Мүмкіншілігі

1. Ірі державалармен өз тауарларын сату арқылы қарым-қатынас орнату.
2. Аграрлық бағыттан қайта өңдеу бағытына ауысуға мүмкіндік.
3. Шетел мемлекеттерімен тәжірибе алмасу
4. Жаңа техника және технологиялар алу.
5. Нақты бағалық саясат.
6. Инвестицияның тартылуы.

Қауіп

- 1.Сапасыз тауарлардың нарықты жаулауы.
- 2.Шекараның ашық болу нәтижесінде көлеңкелі экономиканың дамуы.
- 3.Миграциялық жағдайдың орын алуы.



БАСЫМДЫЛЫҒЫ

- 1. Шикізат толық қамтылған.
- 2. Қолайлы орналасу территориясы.
- 3. Өте жоғары қарқынмен дамуы.
- 4. Тұрақты саяси жағдай.



• Әлсіздігі

- 1.Қайта өңдеу саласының деңгейінің төмендігі.
- 2.Теңізге шығу жолының жоқтығы.
- 3.Кадрлық әлсіздік.
- 4.Технологияның көнерген ахуалда болуы немесе жоқтығы.
- 5.Экономикалық жүйенің жоқтығы.

- **Бұл ұйымның басты идеясы – сауда еркіндігі. Бірлестіктің талабы – кез-келген мемлекетке тұтынушы тауарларын қосымша салық салмай сату. Яғни, келетін импортқа да, шығатын экспортқа да ешқандай қосымша салық салынбайды.**



- Тиімді жағы әсіресе қаржылық секторда анық байқалуы мүмкін. Әлем қақпаларының ашылуы арқылы бізге өзге елдің банкері келіп, арзан несиемен қамтамасыз етеді.



WTO OMC

WTO O

ORGANIZACIÓN MUNDIAL DEL COM

WORLD

ORG

OMC

DE ORG



H.E. MR. NURSULTAN
NAZARBAYEV
PRESIDENT
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



ROBERTO AZEVEDO
DIRECTOR-GENERAL

